



## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет ету учаскелері туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 388 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет ету учаскелері туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры Дархан Айтқалиұлы Ділмановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет ету учаскелері туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 22 маусымдағы  
№ 388 қаулысымен  
мақұлданын

Жоба

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызмет ету учаскелері туралы**

### **ХАТТАМА**

**(карта 1:200 000)**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекаралық өкілдердің қызметі туралы келісімнің 2-бабына сәйкес шекара өкілдері қызметінің мынадай мемлекеттік шекара учаскелерін айқындауға келісті:

Қазақстан Республикасының тарапынан:

Алматы учаскесі бойынша – 6995 белгіден (Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Қытай Халық Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі) № 36 шекара белгісіне (Қастек белесі) дейін;

Қордай учаскесі бойынша – № 36 шекара белгісінен (Қастек белесі) № 158 шекара белгісіне дейін;

Тараз учаскесі бойынша – № 158 шекара белгісінен 4131 белгісіне дейін (Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі);

Қырғыз Республикасының тарапынан:

Ыстықкөл учаскесі бойынша – 6995 белгісінен (Қырғыз Республикасының, Қазақстан Республикасының және Қытай Халық Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі) 4642 (5280) белгісіне дейін;

Шу учаскесі бойынша – 4642 (5280) белгісінен 4315 (9676) белгісі бар геодезиялық пунктiне дейін;

Талас учаскесі бойынша – 4315 (9676) белгісі бар геодезиялық пунктiнен 4131 белгісіне дейін (Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі).

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетiшiлiк рәсiмдердiң орындалуы туралы Тараптардың жазбаша хабарламасының соңғысы дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енедi және 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкiметi мен Қырғыз Республикасының Үкiметi арасындағы шекаралық өкiлдердiң қызметi туралы келiсiммен бiр мезгiлде қолданысын тоқтатады.

201\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ каласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тiлдерiнде екi төлнұсқа данада жасалды әрi барлық мәтiн тең түпнұсқалы болып табылады.

Мәтiндерде алшақтықтар болған жағдайда, Тараптар орыс тiлiндегi мәтiнге жүгiнедi.

*Қазақстан Республикасының  
Үкiметi үшiн*

*Қырғыз Республикасының  
Үкiметi үшiн*